

2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 74 шешімі

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2024 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 534 395 533,7 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 81 114 072,5 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 10 028 290 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 443 253 171,2 мың теңге;

2) шығындар – 570 668 071,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 26 124 337,1 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 40 542 734 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 14 418 396,9 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -62 396 877,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 62 396 877,1 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 39 342 734 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 12 523 428,9 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 35 577 570 мың теңге.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.05.2024 № 138 шешімімен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2024 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу аудандардың және Ақтөбе қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша: Ақтөбе қаласы бойынша – 34 %, Хромтау ауданына – 50 %, және Әйтеке би, Алға, Байғанин, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 %;

2) әлеуметтік салық бойынша: Ақтөбе қаласы бойынша – 33 %, Хромтау ауданына – 55%, және Әйтеке би, Алға, Байғанин, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 %;

3) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша Ақтөбе қаласы бойынша – 100%, Хромтау ауданына – 60 % және Әйтеке би, Алға, Байғанин, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 %;

4) төлем көзінде салық салынбайтын кірістерге жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдер Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне толығымен есептеледі.

3. 2024 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандық бюджеттерден бюджеттік алып қоюлардың көлемі 52 988 965 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

- Ақтөбе қаласынан – 36 384 875 мың теңге;
- Байғанин ауданынан – 2 311 397 мың теңге;
- Мұғалжар ауданынан – 7 618 145 мың теңге;
- Темір ауданынан – 1 067 852 мың теңге;
- Хромтау ауданынан – 5 260 568 мың теңге;
- Шалқар ауданынан – 346 128 мың теңге.

4. 2024 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандық бюджеттерден трансферттердің түсімдері 1 143 155 мың теңге көзделсін.

Аталған трансферттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

5. Қазақстан Республикасының "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9-бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері – 85 000 теңге;
- 2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 57 853 мың теңге;
- 3) айлық есептік көрсеткіш – 3 692 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 43 407 теңге.

6. Қазақстан Республикасының "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 12-бабына сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің

қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

7. Қазақстан Республикасының "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 13-бабына сәйкес 2024 жылға республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін субвенция 293 012 614 мың теңге сомасында көзделді.

8. 2024 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 9 744 895 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Әйтекеби ауданына – 809 615 мың теңге;

Алға ауданына – 1 361 244 мың теңге;

Бірғыз ауданына – 1 344 311 мың теңге;

Қарғалы ауданына – 1 214 637 мың теңге;

Мәртөк ауданына – 1 496 388 мың теңге;

Ойыл ауданына – 1 649 683 мың теңге;

Қобда ауданына – 1 869 017 мың теңге.

9. 2024 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

1) табиғатты қорғау және арнаулы мекемелер қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

2) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) және атрибуттар сатып алуға;

4) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

5) еңбек мобильділігі орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге;

6) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияның мөлшерін ұлғайтуға;

8) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға;

9) аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) әкімдерін сайлауды қамтамасыз етуге және өткізуге;

10) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, ұйымдар жұмыскерлерінің, қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің жалақысын арттыруға.

Аталған трансферттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

10. 2024 жылға арналған облыстық бюджетке республикалық бюджеттен кредиттер түскені ескерілсін:

- 1) ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша жобаны масштабтау үшін ауыл тұрғындарына микрокредиттер беруге;
- 2) жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесуге;
- 3) агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беруге;
- 4) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге;
- 5) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға.

Аталған кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

11. 2024 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық маңызы бар қаланың бюджетіне және аудандық бюджеттерге ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері көзделсін:

- 1) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;
- 2) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;
- 3) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;
- 4) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі қызметтерге;
- 4-1) өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмекке;
- 5) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;
- 6) мәдениет нысандарын күрделі жөндеуге;
- 7) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) қайта жаңғыртуға;
- 8) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;
- 9) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға;
- 10) коммуналдық шаруашылықты дамытуға;
- 11) спорт объектілерін дамытуға;
- 12) ауыл шаруашылығы объектілерін дамытуға;
- 13) ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;
- 14) көлік инфрақұрылымын дамытуға;
- 14-1) газ тасымалдау жүйесін дамытуға;
- 14-2) мәдениет нысандарын дамытуға;
- 14-3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыруға;
- 14-4) қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамытуға;

14-5) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыруға;

14-6) байланыс желілерін салуға;

14-7) аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шараларға;

14-8) мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыруға;

15) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға.

Аталған трансферттер сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 11 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 26.03.2024 № 129 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 133 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.05.2024 № 138 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

11-1. Облыстық бюджетте мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару есебінен 2024 жылға арналған несиелік тұрғын үй құрылысына қарыздар түсімі көзделсін.

Аталған қарыздар түсімі сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. Шешім 11-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 26.03.2024 № 129 шешімімен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

11-2. Облыстық бюджетте мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару есебінен 2024 жылға арналған жергілікті атқарушы органның кезекте тұрғандарға кейіннен жалға беру үшін дайын тұрғын үйді сатып алуға қарыздар түсімі көзделсін.

Аталған қарыздар түсімі сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. Шешім 11-2 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.05.2024 № 138 шешімімен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2024 жылға арналған резерві 21 479 474 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 12 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.05.2024 № 138 шешімімен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

13. 2024 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. СҮЙІНТАЕВА

Облыстық мәслихаттың
2023 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 74 шешіміне 1-қосымша

2024 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.05.2024 № 138 шешімімен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы		АТАУЫ	
		ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	534 395 533,7
1			Салықтық түсімдер	81 114 072,5
	01		Табыс салығы	37 022 955
		1	Корпоративтік табыс салығы	492 979
		2	Жеке табыс салығы	36 529 976
	03		Әлеуметтік салық	31 726 957,5
		1	Әлеуметтік салық	31 726 957,5
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	12 364 160
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	11 977 296
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	386 864
2			Салықтық емес түсімдер	10 028 290
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 871 655
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	26 000
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 845 655
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылаты	

03			н мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	261
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	261
04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 500 000
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар	2 500 000

			сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылаты н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	5 656 374
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	5 656 374
4			Трансферттердің түсімдері	443 253 171,2
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	58 264 564,2
		2	Аудандық () облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	58 264 564,2
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	384 988 607
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	384 988 607

Функ. топ					Сомасы (мың тенге)
1	Кіші функция		4	5	
	2	Әкімші			
		Бағдарлама			
3	АТАУЫ		6		
				II. Шығындар	570 668 071,7
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	7 868 816
				Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын	

	1			орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	4 430 402
		110		Облыс мәслихатының аппараты	146 418
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	146 418
		120		Облыс әкімінің аппараты	3 637 338
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 483 801
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 559
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	963 386
			009	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	449 802
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	735 790
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	261 733
			075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	261 733

		282		Облыстың тексеру комиссиясы	384 913
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	363 993
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	20 920
	2			Қаржылық қызмет	353 085
		257		Облыстың қаржы басқармасы	236 880
			001	Жергілікті бюджетті атқару атқару, коммуналдық меншікті басқару және бюджеттік жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	198 873
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 230
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 120
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	34 657

		718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	116 205
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	116 205
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	289 871
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	289 871
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	253 033
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	25 817
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	11 021

	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	2 795 458
		269		Облыстың дін істері басқармасы	223 306
			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	161 102
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	62 004
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 572 152
			061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	2 572 152
02				Қорғаныс	4 154 626
	1			Әскери мұқтаждар	1 070 695
		120		Облыс әкімінің аппараты	1 070 695
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	101 452
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс аумағындағы аумақтық қорғаныс	969 243

2				Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	3 083 931
		120		Облыс әкімінің аппараты	30 462
			014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	30 462
		287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	1 781 848
			002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	1 416 653
			004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	365 195
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 271 621
			010	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар	1 136 551

				объектілерін дамыту	
			016	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу	135 070
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	17 354 096
	1			Құқық қорғау қызметі	17 354 096
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	17 354 096
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 384 320
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3 692
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 966 084
04				Білім беру	282 965 063

	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	35 639 158
		261		Облыстың білім басқармасы	35 626 158
			081	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	4 724 329
			202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	30 901 829
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	13 000
			011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	13 000
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	215 069 102
		261		Облыстың білім басқармасы	160 433 018
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	3 513 125
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 570 010
			055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	7 067 967

			082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	90 748 871
			203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	57 533 045
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	9 338 155
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	8 562 573
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	775 582
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	45 297 929
			012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	15 595 506
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	316 197

			205	"Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	29 386 226
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	18 652 580
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 401 324
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 401 324
		261		Облыстың білім басқармасы	17 244 303
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	17 244 303
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 953
			099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	6 953
5				Мамандарды қайта даярлау және	957 742

				біліктіліктерін арттыру	
		120		Облыс әкімінің аппараты	5 798
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	5 798
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	30 590
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	30 590
		261		Облыстың білім басқармасы	921 354
			052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	921 354
	6			Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	532 594
		261		Облыстың білім басқармасы	532 594
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	532 594

	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	12 113 887
		261		Облыстың білім басқармасы	12 113 887
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	902 150
			005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 161 061
			007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	508 189
			011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	1 324 528
			012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	451 530
				Мемлекеттік органның	

			013	күрделі шығыстары	29 670
			019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	68 000
			029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	1 457 124
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 926 072
			086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін	2 769
			087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	282 794
05				Денсаулық сақтау	11 847 099
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	3 487 001
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 799 232
				Ана мен баланы қорғау жөніндегі	

			006	көрсетілетін қызметтер	238 785
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	70 985
			041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	548 572
			042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	411
			050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	940 479
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 687 769
			038	Денсаулық сақтау объектілерін	1 687 769

				салу және реконструкциял ау	
	3			Мамандандыры лған медициналық көмек	2 104 260
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 104 260
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандыр ылған сатып алу және сақтау	2 104 260
	4			Емханалар	213 932
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	213 932
			039	Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтар дың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	213 932
	5			Медициналық көмектің басқа түрлері	112 429
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	112 429

			029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	112 429
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	5 929 477
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5 929 477
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	167 862
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	156 199
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	43 663
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	99 909
			023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	150 000

			030	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	25 567
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	5 286 277
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	21 556 542,2
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	6 166 228,2
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 433 022
			002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	683 581
				Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер	

			013	көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 087 366
			015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	508 891
			064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	1 139 124

			069	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	14 060
		261		Облыстың білім басқармасы	581 551
			015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	477 842
			092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	103 709
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 151 655,2
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	2 151 655,2
	2			Әлеуметтік көмек	9 440 794
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	9 440 794
			068	Жұмыспен қамту бағдарламасы	9 440 794
				Әлеуметтік көмек және	

9				әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	5 949 520
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	5 772 507
			001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	215 964
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	19 125
			044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	5 959
			066	Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	27 411
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың	406 251

				күрделі шығыстары	
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	5 097 797
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	45 869
			077	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	45 869
		270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	131 144
			001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	131 144
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	21 112 634
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	24 404
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	24 404
			054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың	24 404

				жекелеген санаттарына төлемдер	
	2			Коммуналдық шаруашылық	21 088 230
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	21 088 230
			001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	204 827
			004	Елді мекендерді газдандыру	56 347
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12 345
			032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	466 989
			051	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	17 076
				Халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын	

			056	өтеуге және қызмет көрсетуге табиғи монополиялар субъектілерінің шығындарын субсидиялау	1 247 697
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 863 620
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	17 219 329
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	28 076 505
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	4 173 984
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	4 145 475
			005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1 417 211
			007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 065 430
			008	Театр және музыка өнерін қолдау	1 662 834
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	28 509
			027	Мәдениет объектілерін дамыту	28 509

	2			Спорт	15 843 811
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	10 120 298
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	90 433
			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	77 373
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	8 681 076
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 504
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 266 912
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	5 723 513
			024	Спорт объектілерін дамыту	5 723 513

	3			Ақпараттық кеңістік	4 929 902
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	899 197
			007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	899 197
		264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	142 630
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	78 148
			002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	57 967
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 094
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 421
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	784 150
			009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	454 895
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	329 255

		743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	3 103 925
			001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 937 306
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	166 619
	4			Туризм	163 945
		275		Облыстың кәсіпкерлік басқармасы	163 945
			009	Туристік қызметті реттеу	140 954
			074	Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау	22 991
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	2 964 863
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	228 704
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске	221 454

				асыру жөніндегі қызметтер	
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 465
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 785
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	2 293 046
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	126 535
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	741 986
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 424 525
		283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	443 113
			001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	338 075

			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 914
			005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	88 025
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	9 099
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	26 934 833
	1			Отын және энергетика	401 818
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	401 818
			081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	401 818
	9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	26 533 015
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	26 533 015

			071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	26 533 015
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	24 988 304
	1			Ауыл шаруашылығы	20 261 055
		719		Облыстың ветеринария басқармасы	3 790 704
			001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	202 100
			009	Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру	26 000
			010	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	53 142
			011	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім	120 000

				мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	
			013	А у ы л шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	224 921
			014	Эпизоотияға қ а р с ы іс-шаралар жүргізу	2 687 981
			015	Ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	367 853
			028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	4 100
			030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы м е н диагностикасын а арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы м е н диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы	44 743

				органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	
			031	А у ы л шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізу)	59 864
		741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	16 466 817
			002	Т ұ қ ы м шаруашылығын дамытуды субсидиялау	250 000
			005	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтарды	481 089

				ң) құнын субсидиялау	
			008	Б а с ы м дақылдардың өндiрiсiн дамытуды субсидиялау	7 297
			014	А у ы л шаруашылығы тауарларын өндiрушiлерге су жеткiзу бойынша көрсетiлетiн қызметтердiң қ ұ н ы н субсидиялау	3 500
			018	Пестицидтердi (у л ы химикаттарды) залалсыздандыр у	3 850
			029	А у ы л шаруашылығы дақылдарының з и я н д ы организмдерiне қарсы күрес жөнiндегi iс- шаралар	284 298
			045	Тұқымдық және к ө ш е т отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	31 640
			046	Тракторларды, олардың тiркемелерiн, өздiгiнен жүретiн ауыл шаруашылығы, мелиоративтiк ж ә н е жол-құрылыс машиналары мен тетiктерiн мемлекеттiк есепке алу және тiркеу	6 231

			047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	623 724
			050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	2 521 430
			051	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау	1 022 217
			053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	5 592 790
			056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуды кредиттеу, сондай-ақ лизинг беру кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	5 284 839
			057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға	353 912

				жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	3 534
			020	А у ы л шаруашылығы объектілерін дамыту	3 534
	2			С у шаруашылығы	269 715
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	269 715
			003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	269 715
	3			О р м а н шаруашылығы	2 298 122
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	2 298 122
			005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	2 250 622
			104	Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу	47 500

4				Б а л ы қ ш а р у а ш ы л ы ғы	47 434
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	47 434
			034	Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	47 434
5				Қоршаған органы қорғау	1 371 807
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	1 012 486
			001	Жергілікті деңгейде қоршаған органы қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	116 094
			008	Қоршаған органы қорғау бойынша іс-шаралар	395 010
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	21 280
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	480 102

		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	359 321
			022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	359 321
9				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	740 171
		719		Облыстың ветеринария басқармасы	108 948
			032	Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау	79 463
			033	Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды сәйкестендіру	16 013
			034	Қаңғыбас жануарларды егу және зарарсыздандыру	13 199
			035	Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру	273
		741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	631 223
				Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер	

			001	қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	624 038
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 185
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	17 753 475
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	17 753 475
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	17 635 279
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	218 663
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	32 924
			004	Қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	50 950
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін	3 628 800

				нысаналы ағымдағы трансферттер	
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	13 703 942
		724		Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы	118 196
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	96 246
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	21 950
12				Көлік және коммуникация	61 657 385,9
	1			Автомобиль көлігі	11 359 421,9
		268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	11 359 421,9
			002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	6 787 405,9
			003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 236 306
			028	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	3 335 710
				Көлік және коммуникацияла	

	9			р саласындағы өзге де қызметтер	50 297 964
		268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	50 297 964
			001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	271 174
			005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	581 235
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 280
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	32 480 505
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	16 961 770
13				Басқалар	30 834 483
	1			Экономикалық қызметтерді реттеу	1 221
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 221

			040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктердің инфрақұрылым ын дамыту	1 221
3				Кәсіпкерлік қызметті қолдау ж ә н е бәсекелестікті қорғау	3 669 740
		275		Облыстың кәсіпкерлік басқармасы	3 669 740
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	99 817
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	14 610
			008	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелер ді субсидиялау	3 385 051
			015	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру	170 262
9				Басқалар	27 163 522
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 163 228
				"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді	

			058	мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	406 517
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 756 711
		257		Облыстың қаржы басқармасы	21 479 474
			012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	21 479 474
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	144 000
			003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік	144 000

				әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	
		261		Облыстың білім басқармасы	2 289 470
			079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	2 186 202
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	103 268
		280		Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	232 764
			001	Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	133 075
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 071
			005	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау	92 618

				шеңберінде іс-шараларды іске асыру	
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	406 064
			053	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	179 571
			096	Мемлекеттік-же кешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	226 493
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	448 522
			093	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымд арды дамыту	448 522
14				Борышқа қызмет көрсету	2 103 231
	1			Борышқа қызмет көрсету	2 103 231
		257		Облыстың қаржы басқармасы	2 103 231
			004	Жергілікті атқарушы	2 095 138

				органдардың борышына қызмет көрсету	
			016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	8 093
15				Трансферттер	11 460 978,6
	1			Трансферттер	11 460 978,6
		257		Облыстың қаржы басқармасы	11 460 978,6
			007	Субвенциялар	9 744 895
			011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	361 133,2
			017	Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	67 100,9
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	134 273
				Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін	

			053	нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1 153 576,5
				III. Таза бюджеттік кредит беру	26 124 337,1
				Бюджеттік кредиттер	40 542 734
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	975 000
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	975 000
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	975 000
			063	Жастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	975 000
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	24 482 044
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	24 482 044
		279		Облыстың энергетика және тұрғын	1 770 706

			үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы		
			082	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ға бюджеттік кредит беру	700 000
			087	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру	1 070 706
		283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	500 000
			082	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ға бюджеттік кредит беру	500 000
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	22 211 338
			009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй	8 430 230

				жобалауға және салуға кредит беру	
			064	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй сатып алуға кредит беру	13 781 108
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	15 085 690
	1			Ауыл шаруашылығы	14 135 000
		741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	14 135 000
			087	Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру	8 635 000
			092	Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру	5 500 000
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер	950 690

				қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	950 690
			007	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	950 690

санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы		АТАУЫ	
		ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	14 418 396,9
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	14 418 396,9
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	10 418 024
		2	Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	4 000 372,9

Функ. топ					Сомасы (мың теңге)	
1	Кіші функция		4	АТАУЫ		
		Әкімші				
						Бағдарлама
2	3		5	6		
				IV. Қаржы активтерімен	0	

				жасалатын операциялар бойынша сальдо	
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-62 396 877,1
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	62 396 877,1

санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы		АТАУЫ	
		ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
7			Қарыздар түсімі	39 342 734
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	39 342 734
		1	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	22 211 338
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	17 131 396

Функ. топ					Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция		Бағдарлама	АТАУЫ	
		Әкімші			
1	2	3	4	5	6
16				Қарыздарды өтеу	12 523 428,9
	1			Қарыздарды өтеу	12 523 428,9
		257		Облыстың қаржы басқармасы	12 523 428,9
			008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	2 275 999

			015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	6 247 057
			018	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	4 000 372,9

санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы		АТАУЫ	
		ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	35 577 570
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	35 577 570
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	35 577 570

Облыстық мәслихаттың
2023 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 74 шешіміне 2-қосымша

2025 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.05.2024 № 138 шешімімен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы		АТАУЫ	
		ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	482 303 627
1			Салықтық түсімдер	73 971 692
	01		Табыс салығы	36 107 217
		1	Корпоративтік табыс салығы	497 545

		2	Жеке табыс салығы	35 609 672
	03		Әлеуметтік салық	25 129 390
		1	Әлеуметтік салық	25 129 390
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	12 735 085
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	12 336 615
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	398 470
2			Салықтық емес түсімдер	5 506 727
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 633 977
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	27 000
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 606 977
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	275
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	275

	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 872 475
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 872 475
4			Трансферттердің түсімдері	402 825 208
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	58 924 201
		2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	58 924 201
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	343 901 007
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	343 901 007

Функциональдық топ					Сомасы (мың теңге)
1	Кіші функция		4	5	
		Әкімші			
		Бағдарлама			
2	3	4	5	6	
				II. Шығындар	486 774 945
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 230 187
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	2 405 381
		110		Облыс мәслихатының аппараты	146 048
				Облыс мәслихатының	

			001	қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	146 048
		120		Облыс әкімінің аппараты	1 647 938
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 334 697
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 559
